

**«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша  
«Мен өз өлкемді зерттеймін» жобасы аясында оқушылардың  
«Менің Отаным-Қазақстан» облыстық слетінің  
ЕРЕЖЕСІ**

## **1. Жалпы ережелер**

Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында облыстық «Менің Отаным-Қазақстан» туристік эспедиция жасақтарының слеті (бұдан әрі - Слет) өткізіледі.

### **Мақсаты:**

Жалпы ұлттық патриотизмді қалыптастыру, өзінің туған жеріне, өзінің ауылына, қаласына, өңіріне деген сүйіспеншілікті арттыру.

### **Слеттің міндеттері:**

- оқушылардың іздестіру-зерттеу қызметінің дағдыларын жетілдіру, өз туған өлкесі туралы тарихи-өлкетанулық, топономикалық, географиялық, этнографиялық толық мәлімет жинақтау;
- туристік-өлкетану бағыттарында жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану;
- слеттің қорытындысы бойынша өлкетану жинағын шығару.

## **2. Уақыты мен өтетін орны**

2.1. 2018 жылғы 28-30 наурызда Орал қаласы, Исатай батыр көшесі 71/1 мекенжайы Облыстық балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы (әрі қарай-ОБЖТжЭО) өтеді.

2.2. Қатысушылар тізімі мен өтініші 2018 жылғы 20 наурызға дейін ОБЖТжЭО-на (тел: 8(7112) 52-59-42 E-mail: [evrasia\\_centre@mail.ru](mailto:evrasia_centre@mail.ru)) жолдануы керек.

## **3. Слетке қатысушылар**

3.1. Слетке облысымыздың барлық аудандары мен Орал қаласынан ( аудандық, қалалық жеңімпаз командалар қатысады.

3.2. Команда құрамы: 7-9 сынып оқушылары: 6 оқушы, бір жетекші.

3.3.Команда жетекшілері қатысушылардың облыстық слет кезіндегі олардың қауіпсіздігіне толық жауап береді.

## **4. Өткізілу тәртібі**

4.1. Облыстық слет 3 кезеңнен тұрады:

I кезең – мектепшілік (ақпан). Бұл кезеңде жасақтар өз туған өлкесінің, аулының тарихын зерттеп, іздестіру-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Слеттің ережесіне сәйкес жұмыстарын қорғайды.

II кезең – аудандық (қалалық) – (ақпан-наурыз). Слет ережесінің бағыттары сәйкес іздестіру-зерттеу жұмыстарын қорғап, жеңімпаз команда (өз ауданы бойынша толық мәлімет жинақтап) облыстық кезеңге жолданады.

III кезең - облыстық (наурыз). Аудандық кезеңнің жеңімпаздары іздестіру-зерттеу жұмыстарын қорғайды.

4.2. Слетке келген уақытта команда жетекшісі төмендегідей құжаттарды ұйымдастыру комитетіне тапсырады:

1) Аудандық (қалалық) слеттің білім бөлімі меңгерушісі бекіткен жалпы хаттамасы;

2) Іссапар құжаты; оқушылардың туу туралы куәлігі;

3) Өтініште команданың аты, оқушылардың аты-жөні, туған жылы, мектебі, сыныбы, мекен-жайы, жетекшінің аты-жөні, лауазымы, жұмыс жасайтын орны, ұялы телефоны, қорғайтын бағыттары және жұмыстың тақырыбы көрсетілуі тиіс.

**I. «Тарих қойнауында»** - өз өлкесінің, елді мекеннің тарихын, ауыл шежіресін, топонимикасы туралы іздестіру-зерттеу жұмыстарының бейнеролигін ұсынады;

**II. «Сәнбес жұлдыздар»** - өз өлкесінен шыққан белгілі адамдардың өмір жолдары туралы презентациясын (3 мин) қорғайды;

**III. «Рухани қазына»** - туған өлкесінде тұратын, өңірдегі халықтардың ерекше дәстүрлерін, этнографиясын, аңыз әңгімелерін эссе түрінде ұсынады;

**IV. «Ескерткіштер ел тарихы»** - өлкенің тарихи-мәдени ескерткіштер, археологиялық ескерткіштер, тасқа және үңгірде қашалған жазулар, көнеден қалған тарихи ескерткіштер туралы іздестіру – зерттеу жұмыстарын қорғайды.

**V. «Табиғат және экология»** Туған өлкесінің флорамен фаунасы зерттеп ғылыми-зерттеу жұмыстарын қорғайды;

**VI. «Туған өлке соқпақтары» өңірде өткізілген туристік-экспедициялық маршруттарды презентациялау.** Топ туристік – өлкетанулық экспедиция кезіндегі маршруттың бейнеролигін ұсынады.

### **5. Қорытындылау**

Облыстық «Менің Отаным-Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициясының әрбір бағыты бойынша үш жүлделі орын анықталады. Жалпы командалық есеп барлық бағыт бойынша алынған ұпай сандарының қосындысы арқылы есептеледі. Әрбір бағыты бойынша жеке бағаланады және ең көп ұпай санымен орындар белгіленеді. Бағыттар бойынша I,II,III орын алғандардың жұмыстары қайтарылмайды және оларға рецензия берілмейді. Жұмыстар электронды және жазбаша түрде тапсырылады.

### **6. Қаржыландыру**

Мектепшілік, аудандық, қалалық, облыстық «Менің Отаным-Қазақстан» экспедициясы слеті жолдаушы мекеменің есебінен қаржыландырылады. Облыстық слеті ұйымдастыруға қатысты шығындарды ОБЖТЖЭО жүзеге асырады.







